

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Байқау техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ТжКБ) «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы, «Суретші-моделер», «Шаштараз-моделер» біліктілігі бойынша білім алатын студенттерінің арасында өткізіледі.

- 1.1. Осы Ереже облыстық «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауын өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Кәсіби байқау ТжКБ ұйымдарының студенттер арасында озық іс-тәжірибелерін таратудың негізгі нысаны болып табылады.
- 1.3. Кәсіби байқауды өткізу білім беру жүйесіндегі қызметтің нысаналы дамуына, құзыреттілік орталықтарының кәсіби шындалуына ықпал етеді.
- 1.4. «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауын ұйымдастырушы – Түркістан облысының білім басқармасы және әдістемелік орталық.
- 1.5. «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауын ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, құрамын ұйымдастыру алқасы белгілейді.
- 1.6. 0506000 - «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауы «Мирас» колледжі мекемесінде өтеді.

2. ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауы 0506000 - «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша колледждің білім алушылары арасында шаштараз мамандығының беделін көтеру мақсатында өткізіледі.
- 2.2. Болашақ маманның құзыреттілігін дамыту, тәжірибелік дағдыларды жоғарылату және шаштараз өнері саласындағы жұмысшының шеберлігін жоғары дәрежеде арттыруға атсалысу, теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, кәсіптік құзыреттіліктерін нығайту.
- 2.3. Жұмыс берушілерге бәсекеге қабілетті, біліктілігі жоғары кадрларды дайындауға қызығушылығын, болашақ мамандардың шығармашылық ізденісі мен қабілеттілігін дамыту, біліктілігін арттыру.
- 2.4. Болашақ мамандарды қызметке бейімдей отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыру, педагогикалық процесте жаңа технологияларды қолдану, шығармашылық қабілетін жетілдіру.
- 2.5. Жұмыс берушілерді өзара ынтымақтастыққа тарту, ұжымдық қарым-қатынасқа психологиялық бейімдеу, өзара тәжірибе алмасу
- 2.6. Қызмет көрсету саласының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, олардың жұмыс сапасы, қызмет саласында жұмыс дағдыларын және жұмысын қабылдауды жетілдіру.
- 2.7. Сұлулық индустриясында кадрлар дайындауда жаңа заманауи бағыттарды анықтауға жәрдемдесу.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

3.1. 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауы 2020 жылы «___» _____ өтеді.

Мекенжайы: Шымкент қаласы, Ғани Иляева 3

Өтінім (№1 қосымша) қабылданады.

Шымкент қ. 01.03.2019 ж. дейін

эл.пошта www.miras.edu.kz

Тел: 8 778 788 1376

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

0506000 - «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills TURKESTAN - 2020» байқауына колледж білім алушылары және оқыту комбинаттарының білім алушылары қатыса алады.

Ұйымдастыру комитеті:

- 4.1. Байқауға дайындық жоспарын құрастырады;
 - 4.2. Байқаудың бағдарламасын құрастырады;
 - 4.3. Байқаудың бағалау критерийлерін өңдейді, байқаудың бағалау парақтарын дайындайды;
 - 4.4. Сараптау кеңесін құрады, оның жұмысын қамтамасыз етеді;
- Байқау материалдары мен тапсырыстарын жинақтайды;
Байқауға дайындық және оны өткізу кезінде қатысушыларды қажетті ақпараттық – әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етеді;
Байқауды ақпараттық қолдауды жүзеге асырады;
Байқаудың салтанатты түрде ашылуы мен жабылуын, жүлдегерлерді марапаттауды ұйымдастырады.

Байқауға қатысуға үміткерлер өтініште төмендегідей ақпаратты көрсетеді:

- қатысушы жөнінде жалпы мағлұматтар;
- толық аты-жөні;
- туған күні;
- білімі;
- колледж атауы, қай аудан, қалада орналасқаны;
- қатысушының жетекшісі
- өтініші, сұраныс.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Облыстық байқауға қатысушылар өтініштерін ұйымдастыру комитетіне mkabinet_uko.tipo@mail.ru почтасына жолдау арқылы тапсыруы қажет:

- облыстық байқауға қатысуға сұраныс;
- колледж басшыларының қолы қойылған облыстық байқауға қатысу өтініші (қосымша);

5. ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1. Байқауға қатысушылардың міндетті талаптары – шаштараз дағдыларын меңгеру. Шаштараз - шаштараз қызметтерінің барлық түрлерін орындаушы: шаш қырқудың кез-келген күрделі түрін, шашты бояу, әртүрлі шаш үлгісін, макияжды жасай білу.
- 5.2. Байқауға қатысушының сандық нөмірі жеребе арқылы анықталады және жұмыс орнының нөміріне сәйкес келеді.
- 5.3. Әрбір қатысушының жеке куәлігі болуы міндетті.
- 5.4. Байқаудың барлық қатысушылары мен сарапшылары қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауға міндетті. Қатысушының қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін сақтамауы ұпайларын жоғалтуға әкеледі. Қауіпсіздік нормаларын үнемі бұзу жарысқа қатысушының байқауға қатысуын уақытша немесе тұрақты түрде тоқтатылуына әкелуі мүмкін.
- 5.5. Қатысушылар кететін шығындарды, қажетті құрал жабдықтарды, материалдарды өз тарапынан қамтамасыздандыру қажет.

6. ҚАТЫСУШЫ ӨЗІМЕН БІРГЕ ӘКЕЛЕТІН КЕРЕКТІ ҚҰРАЛ – ЖАБДЫҚТАР ТІЗІМІ:

1. Бекітуші (фиксациялық заттар: лак, мусс, воск, опа т.б..) құралдар
2. Электрлі қысқыштардың кемінде 4 данасы
3. Электрофен
4. Термотөсеніш (термоковрик)
5. Шаш түйреуіштер (шпилька, невидимка)
6. Шашқа арналған қосымшалар (валик, сетка)
7. Пенюар, пелерина, алжапқыш
8. Пульверизатор
9. Брашинг
10. Тарақтар
11. Зажимдар
12. Таймер
13. Ылғалды майлықтар
14. Шашқа арналған сүрткіштер
15. Сусабын, бальзамдар
16. Резеңкелер
17. Шашқа арналған әшекей бұйымдары

7. 0506000 - «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills TURKESTAN - 2020» облыстық байқауын өткізу шарттары мен байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері

7.1. 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша «ҮЗДІК ШАШТАРАЗ-2019» облыстық байқауы үш модуль бойынша тапсырмаларды орындауды қамтиды:

А модулі: Ерлерге арналған сәнді перманент және шаш қию 2 сағат 30 мин

В модулі: Классикалық ерлер шаш сәнін қию 1сағат

С модулі: Әйелдерге арналған ұзын жайылған шашқа подиумдық шаш үлгісін жасау, және бояу клиент қалауы негізінде 3 сағат

7.2. Байқаудың шарттары өз ретімен орындалуы қажет: ең алдымен А модулі, содан кейін В модулі, соңғысы С модулі.

7.3. Әр модуль жеке бағаланады.

7.4. Егер қатысушы қауіпсіздік ережесін сақтамай, өзіне және өзге қатысушыларға қауіп төндірсе ол байқаудан шеттетіледі.

7.5. Байқаудың сарапшылары тәжірибелі сарапшылар мен мамандардан құралған.

7.6. Қатысушы ережені бұзса айыппұл ұпайымен жазаланады.

7.7. Жұмыс уақытында ұялы телефон қолдануға тиым салынады.

8. 0506000 - «Шаштараз өнері және сәндік косметика» құзыреттілігі бойынша «ҮЗДІК ШАШТАРАЗ-2019» облыстық байқауының ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

Байқау жеңімпаздары туралы шешім конкурс күнінде сарапшылармен қабылданады. Жеңімпаздар сайыстың тәжірибелік бөлімінен алынған ұпайлардың жалпы саны бойынша анықталады және әрбір қатысушының жалпы нәтижелері қорытынды бағалау ведомостерінде көрсетіледі және есептерде жазылады.

Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен, «Шығармашыл шаштараз», «Өнерлі шаштараз» номинациялармен марапатталады.

| МОДУЛЬ | СИПАТТАМАСЫ | УАҚЫТЫ | | БАҒАСЫ |
|--------|--|----------------|------------------------------|--------|
| А | Ерлерге арналған сәнді перманент және шаш қию | 2 сағ. 30 мин. | 5 минут жұмыс алаңын тазалау | 35 |
| В | Классикалық ерлер шаш сәнін қию | 1 сағ. | 5 мин. Жұмыс алаңын тазалау | 25 |
| С | Әйелдерге арналған ұзын шашқа подиумдық шаш үлгісін жасау, және бояу | 3 сағ. | 5 мин. Жұмыс алаңын тазалау | 40 |

АЙЫППҰЛ ҰПАЙЫ

Айыппұл ұпайлары келесі жағдайларда бағалануы мүмкін:

- Эксперттерден немесе сыртқы жақтан көмек немесе кеңестер, көрермендер байқауға қатысушылардың аудиториямен әңгімелесу, кеңес беру болып саналады. Мұндай кез-келген жағдай ережені бұзушылық деп есептеледі. Кем дегенде 2 сарапшы куә болуы қажет.
- Сайыс барысында өзінің жетекшісімен және моделмен сөйлесуге тиым салынады.
- Модельдер аяқталғаннан кейін модульге қолын тигізбейді, ал жарыстың қатысушылары құралдарды кейін қалдыру туралы бұйрық алады.
- Тараптардың жарыс өткізілетін орында санитарлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін сақталмаса ескеріледі.
- Байқауға қатысушылардың пайдаланған өнімдері көрінетін аймақта болуы тиіс. Пайдаланған өнімдерді жасыруға тиым салынады.
- Қатысушы ережені бұзған жағдайда объективті бағалау критерилері бойынша шегерім жасалады. Шегерімнің нақты салмағы модульге байланысты болады. Әрбір тапсырмада объективті қазылар алқасы бар, алайда бұл әділ қазылар алқасының кемінде екі мүшесінің куәгерлері болуы қажет.

9. ҚАТЫСУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МОДУЛЬ А: Ерлерге арналған сәнді перманент және шаш қию

Берілген уақыт: 1 сағат 30 минут

Манекен басқа

СИПАТТАМАСЫ

- Соңғы нәтиже клиентпен кеңес беру бойынша коммерциялық түрде болуы тиіс
- Соңғы нәтиже: перманент, шаш қию және сәндеу.
- Модуль Индустрия стандартына сәйкес келуі тиіс
- Клиенттің тілегі (фотосурет конкурс басталар алдында таңдалады)
- Қатысушы шаш қиюды және сәндеуді көшіруі керек

Ақыл

Клиенттің тілегі:

- Перманент: суретке қарап көшіру.
- Шаш қию: суретке қарап көшіру.

ПЕРМАНЕНТ

- Клиенттің қалауын ұстану керек
- Қатысушылар тек классикалық коклюшки пайдалану керек
- Шаш түбіндегі және ұштардағы сынықтарды сарапшылар тексереді.

ШАШ ҚИЮ

- Клиенттің қалауын ұстану керек
- Кез келген шаш қию құралдары рұқсат етіледі

БОЯУ

- Бұл модульде шашты бояуға тыйым салынады.

СОҢҒЫ НӘТИЖЕ

- Шашты қолмен кептіруге немесе Дифуззорды қолдануға болады.
- Щеткалар, брашингтер және қысқыштар рұқсат етілген
- Үтіктер, плойкалар және т. б. сияқты термо – құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Бағалау критеріі

Модуль А ең жоғары-35 балл

Объективті бағалау:

1 топ

- Клиентке қамқорлық -3
- Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау-3
- Жұмыс орнын ұйымдастыру-3

2 топ

- Үнемділік-3
- Перманент-2
- Жұмыс аймағын жинау-3

Төрешілік бағалау

1 топ

- Аяқталған жұмыстан жалпы әсер-4
- Перманенттен әсер -3

2 топ

- Шаш қиюдан жалпы әсер-4
- Сәндеуден жалпы әсер-3
- Сурет бойынша шашты максималдып көшіруі -4

МОДУЛЬ В: Классикалық ерлер шаш сәнін қию .

УАҚЫТ - 1 сағат

Жанды модель

СИПАТТАМАСЫ

- Бұл модуль ерлер заманауи классикалық шаш үлгісі деп аталады. Мұндай шаш қию аймағында дәстүрлі түрде градуирлеу орындалады.
- Дәл қырку техникасын пайдалану қажет

- Шаш қию коммерциялық және заманауи, күнделікті өмірде орынды болуы керек
- Клиент оз өалауын сурет арқылы көрсетеді

ШАШ ҚИЮ

- Шаштың өсу сызығы жағадан "0" нөлінен басталады
- Барлық құралдар рұқсат етілген.
- Клиенттің қалауын ұстануға тиіс.

СОҢҒЫ НӘТИЖЕ:

- Барлық сәндеу құралдары, брашинг және тарақ рұқсат етілген
- Соңғы нәтиже "ОМС" классикалық шаш қию стилистикасында болмауы керек

Бағалау критериясы максималды-25 балл

Объективті бағалау:

1 топ

- Клиентке қамқорлық-2
- Қауіпсіздік техникасын сақтау-3
- Жұмыс орнын ұйымдастыру-3

2 топ

- Жұмыс аймағын жинау-2
- Регламентті сақтау-2

Төрешілік бағалау

1 топ

- Аяқталған жұмыстан жалпы әсер-3
- Шаш тазалығы-2

2 топ

- Шаш қиюдан жалпы әсер -5
- Сәндеуден әсер -3

МОДУЛЬ С: Әйелдерге арналған ұзын шашқа подиумдық шаш үлгісін жасау, және бояу

Жанды модель

Уақыты 3 сағат

СИПАТТАМАСЫ

- Байқауға қатысушы сән көрсетілімдерінен фотосуретке ие болады және күнделікті өмірде қолданатын бояу мен сәнді шаш сәнін жасау керек
- Шаш қию және бояу сәнді болуы керек
- ОМС бар авангардтық бейнелер немесе бейнелер жасауға тыйым салынады.

БОЯУ:

- Шаш ішінара боялуы керек
- Бояу коммерциялық болуы керек
- Клиенттің тілектерін орындау керек

СОҢҒЫ НӘТИЖЕ:

- Шаш сәні -суретке барынша жақын
- Бояу-суретке барынша жақын

Асият

Бағалау критеріі ең жоғары-40 балл

Объективті бағалау:

1 топ

- Клиентке қамқорлық - 3
- Қауіпсіздік техникасын сақтау-4
- Жұмыс орнын ұйымдастыру-3

2 топ

- Жұмыс аймағын жинау-3
- Бояу -3
- Экономичность-3

Төрешілік бағалау

1 топ

- Аяқталған жұмыстан жалпы әсер-4
- Сәндеу тазалығы-3
- Бояудан жалпы әсер-3

2 топ

- Шаш текстурасынан жалпы әсер-3
- Сәндеуді максималды көшіру-4
- Бояу кезінде тусті максималды көшіру-4

| МОДУЛЬ | | БАЛЫ | | |
|------------------|--|------------|-------------|-------|
| | | ОБЪЕКТИВТІ | СУБЪЕКТИВТІ | ЖАЛПЫ |
| 1 | Ерлерге арналған сәнді перманент және шаш қию | 17 | 18 | 35 |
| 2 | Классикалық ерлер шаш сәнін қию | 12 | 13 | 25 |
| 3 | Әйелдерге арналған ұзын шашқа подиумдық шаш үлгісін жасау, және бояу | 19 | 21 | 40 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | | 48 | 52 | 100 |


Бағалау CIS бағдарламасы бойынша бағаланады



world **skills**
Kazakhstan

WorldSkills Turkistan -2020

**«ШАШТАРАЗ»
құзыреттілігі бойынша
конкурстық тапсырмалар**

Бас сарапшы:  Райымбекова А.

Түркістан 2020ж.